



SOCIAL MENTALITY AND RESEARCHER THINKERS JOURNAL

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed

ISSN: 2630-631X



Social Sciences Indexed

www.smartofjournal.com / editorsmartjournal@gmail.com

September 2016

Article Arrival Date: 06.07.2016

Published Date: 30.09.2016

Vol 1/ Issue 1 / pp: 18-22

Экологиялық Құзіреттілікті Қалыптастырудағы Химия Пәнінің Маңызы

The Importance Of Environmental Competence

Esengeldi Jumadiluli MENGLİGAZİYEV

Prof.Dr., Kazakh State Women's Teacher Training University, Kazakhstan

Aydana PALJANOVA

Kazakh State Women's Teacher Training University, Kazakhstan

АННОТАЦИЯ

Бүгінгі таңда адам-табиғат қатынасы қазіргі қоғамның аса өзекті мәселелерінің біріне айналды. Табиғат – қоғам дамуының алғы шарты. Қоғам – табиғаттың ерекшеленген бөлігі, ал адам – эволюциялық дамудың шыңы. Егемендік алған республикамыздың келешегі және ұрпақтарды тәрбиелейтін орта мектеп өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті атқару үшін ондағы игерілетін білім мазмұны бүгінгі талапқа сай жаңартылуы тиіс. Сонымен бірге білім байлығын, табиғаттың ерекшелігін терең оқып білу арқылы өз халқының дүние жүзілік мәдени мұрадағы орны мен үлесін білуін, әр оқушының қабілеттік дамытуға, әрбір ұлттық мектептің ішкі мазмұнының атына сай болуын қамтамасыз ету – қазіргі өмір талабы

Негізгі сөздер: Экология, құзіреттілік

ABSTRACT

Today, human-nature relations have become one of the most pressing issues of modern society. Nature is a prerequisite for the development of society. Society is a distinctive feature of nature, and man is the peak of evolutionary development. The future of our country, the future of the sovereignty and the high school for the upbringing of generations, should be updated in line with today's requirements to fulfill its social mandate. At the same time, to deepen the knowledge of the wealth of nature, the nature of its diversity, to know the place and share of its people in the world cultural heritage, to ensure that each student has the ability to succeed, to correspond to the national content of each national school.

Key Words: Environmental, Competence


Бүгінгі таңда адам-табиғат қатынасы қазіргі қоғамның аса өзекті мәселелерінің біріне айналды.

Табиғат – қоғам дамуының алғы шарты. Қоғам – табиғаттың ерекшеленген бөлігі, ал адам – эволюциялық дамудың шыңы.

Егемендік алған республикамыздың келешегі және ұрпақтарды тәрбиелейтін орта мектеп өзіне жүктелген әлеуметтік міндетті атқару үшін ондағы игерілетін білім мазмұны бүгінгі талапқа сай жаңартылуы тиіс. Сонымен бірге білім байлығын, табиғаттың ерекшелігін терең оқып білу арқылы өз халқының дүние жүзілік мәдени мұрадағы орны мен үлесін білуін, әр оқушының қабілеттік дамытуға, әрбір ұлттық мектептің ішкі мазмұнының атына сай болуын қамтамасыз ету – қазіргі өмір талабы [1].

Осыған байланысты мектептегі экологиялық білім негізін құрайтын жаңа пән – экология курсы болуы керек. Бұл ғылым жаратылыстану ғылымдарымен қатар әлеуметтік бағыт – бағынқы қамтуы.

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің үлгісі



Экология курсының алдына қойған негізгі мақсаттары мен міндеттері төмендегідей:

- ✓ оқушылардың жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін дамыта отырып, қоршаған орта туралы көзқарастарын қалыптастыру;
- ✓ экология ғылымы туралы алғашқы түсініктерді дамыту;
- ✓ табиғат, қоршаған орта, зат аламсу, табиғатындағы қарым-қатынастарға ғылыми-тәрбиелік деңгейде талдау жасауға үйрету [2].

Экология ғылымының зерттеу облыстары – популяция, биоценоз және экожүйе туралы табиғаттану, география, ботаника, зоология, химия, физика пәндерінен алған білімдері негізінде биосфераның деңгейінде оқып-үйренуге баулу.

Айтылып отырған мақсат-міндеттерге байланысты экология курсы бойынша әрбір оқушы меңгеруі тиіс оқу материалдары төмендегідей мәселелерді қамтиды:

- ✓ айналаны қоршаған ортаны кез-келген өзгерістеріне ластануына бақылау және оның себеп-салдарын ашып, ғылыми тұрғыда баға беруін дағдыландыру;
- ✓ табиғатты қоршаған орта, ондағы қарым-қатынастар, зат алмасу процестерінің жүру заңдылықтары;
- ✓ табиғат ресурстары, тірі организмнің биологиялық және геохимиялық ролі;
- ✓ экологиялық және антропогендік факторлар, экожүйенің өзгеруі, оны қалпына келтіру жолдары;
- ✓ биосфера шегіндегі геохимиялық заңдылықтар, оны реттеудің қазіргі заманғы бағыттары;
- ✓ жергілікті аймақтардың және жер шарындағы экологиялық проблемаларды түсініп, оны шешу жолдарын өз бетінше іздестіру [3].

Жоғарғы тұжырымдарды ескере отырып, биология, химия, география, физика оқу бағдарламаларына анализ жасауға болады.

Химия пәнінің оқу бағдарламасына зерттеу жүргізілу барысында экологиялық білімнің мынадай элементтерін оқушылар химия курсына игеруге тиіс.

Химия: ортаның химиялық өлшемдерінің нормасы. Олардың адамның химиялық іс-әрекетінің нәтижесін өзгеруінің шегі мен бағасы. Химия өндірістерін экологияландыру: қалдықтарды тазалау және залалсыздандыру, металдарды тотығудан сақтау. Қоршаған ортадағы химиялық заттарды нормаға келтіру. Қоршаған ортаның химиялық жағдайын бақылау.

Химия, биология, география пәндерінің оқу бағдарламаларының барлық мүмкіндіктерін оқып, зерттеу оқушылардың пәнаралық байланысты экологиялық білім мен тәрбие берудің зерттеуші моделінде комплексті түрде жүзеге асырудың кестесін жасауға мүмкіндік берді [4].

Оқушыларға экологиялық тәрбие беруде мектепте оқытылатын әр пәннің өзіндік ерекшелігі болатындығы сияқты, пәнаралық байланыс арқылы биология, химия, география, физика т.б. сабақтарында өзіндік ерекшеліктері бар. Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру ісін мектеп тәжірибесінде жаратылыстану ғылымдары арқылы іске асыру қазіргі уақытта дәстүрге айналады. Биология, география, химия, физика т.б. пәндерде оқушы бойына табиғатты қорғауға баулитын сан түрлі тсезімдері оятудан гөрі табиғат туралы білім фактілерін жинақтап беру басым.

Мәселен, пәнаралық байланыс арқылы экологиялық тәрбие беру мақсатында жүргізіліп жүрген физика сабақтарына тоқталайық. 8-шы сынып оқушыларына физика курсының «Газдардағы, сұйықтардағы, қатты денелердегі диффузия» тақырыбына өткізілетін сабақты қарастыруға болады. Бұл сабақта физикасына көп көңіл бөлінбей диффузия құбылысы арқылы экологиялық тәрбие беру мақсатында, оның экологиялық мазмұнына басқа пәндермен, табиғатпен байланысына, оны қорғауға баса көңіл бөлінеді. Бұл сабақта өсімдіктерге, жануарларға және топырақ қалай ластанатынын көрсету керек. Мысалы, географиядан «Атмосфералық таза ауаны сақтау тәсілі», «Биосфераға адамның ықпалы», биологиядан «Клеткаға заттардың түсуі», «Өсімдіктердің өмір сүру жағдайы». Осы тақырыптарға байланысты оқушыларға көрнекілік жасап, соны жетік түсіндіру керек. Соңғы кезде көп пайдаланып жүрген дәстүрлі емес сабақ түрлері (лекция, конференция, пікірталас, семинар, т.б.) мұғалімдерге шығармашылықпен жұмыс істеудің көптеген мүмкіндіктерін ашып берді. Семинар сабақта оқушылар алған білімінің тиянақты екенін көрсетіп, берілген сұрақтарды шешуге белсене қатысады [5].

Экологиялық тәрбие беру практикасында ойын әдістері көп қолданылуда.

Экологиялық ойын – экологиялық білім берудің бір формасы. Ұстаздық тәжірибеде және түрлі жарияланымдарда ойынға қатысты көптеген термин түсініктер бар: (ұйымдық, іс-қимылдық, ойын, оқыту ойыны, педагогтық ойын, еліктеу ойыны, іскерлік ойын, рөлдік ойын, т.с.с.).

Экологиялық рөлдік ойын – экологиялық іс-әрекеттердің әлеуметтік мазмұнын, моделдеуге негізделген экологиялық ойын түрі. Ойынға қатысушылар белгілі бір рөлдерде ойнайды. Бұл ойынға қатысушыларды шын өмір жағдайына жақындата түседі. Рөлдік ойынды өткізу арнайы дайындықты талап етеді. Өйткені, болашақ мамандар өздерінің мамандықтары төңірегінде білімдерін жетілдіруі тиіс. «Космостық экспедиция» ойынын жүргізуге болады. Яғни, белгісіз ғаламшардан келген ғылыми топ біздің планетамыз туралы есеп беруге тиісті. Оған қоса экспедиция мүшелерін жердегі адамдармен қандай да бір байланыс жасауға тыйым салады. Экспедиция құрамына зоолог, ботаник, геолог, физик, химик, океанолог, палентолог кіреді.

1. «Сот процесі» ойыны экологиялық құқықтану білімін игеруге бағытталған ойын түрі. Бұл ойын экологиялық апатқа жол бергенге завод әкімшіліктердегі сот процесін көрсетіп, ойналады. Қатысатындар: прокурор, қорғаушы, кінә тағушы, куәгерлер, эксперт. Көрсетілген ойын сөзсіз жоғары сынып оқушыларын оқытуда қолдануға болады.
2. «Табиғат қаласы» ойынына жоғарғы және орта сынып оқушылары, сондай-ақ мұғалімдер қатыса алады. Қалада төмендегідей мекемелер құрылады:

- ✓ Ботаникалық бақ. Өсімдіктер туралы викториналар.
- ✓ Зоопарк. Жануарлар туралы викториналар, суреттер галереясы.
- ✓ Табиғат тақырыптарына арналған карталармен танысу.
- ✓ Ертегілер әлемі. Табиғат туралы жұмбақтар шешіледі.
- ✓ Концерт залы. Табиғат тақырыбына арналған шумақтар.
- ✓ Көркемдік салоны. Сурет көрмесі.
- ✓ Кітапхана. Табиғат туралы кітаптар көрмесі.
- ✓ Табиғат үсті. Плакат, фотографиялармен иллюстрацияланған табиғат тақырыбындағы баяндамалар. Ойын соңында қорытындысы айтылып, мерекемен аяқталады [6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру мақсатында жүргізілген жұмыстың нәтижесі мынадай қорытындыда жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталып көрсетілгендей еліміздегі экологиялық жағдайлар кейбір жерлеріміздің экологиялық апат аймағына айналуы, экологиялық тәрбиеге байланысты, философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге, әр түрлі табиғат қорғау туралы заңдарға талдау жасау, бұл мәселенің бірден пайда болмағанын, оның қоғам дамуы барысында адам мен табиғаттың қатынасы негізінде пайда болып, қазіргі кезеңде аса маңызды, дүние жүзіндегі мәселеге айналып отыр.

Экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесі мүмкіндіктерін шешуде жалпы орта білім беретін пәндердің алатын орны ерекше. Барлық пәндерді экологиямен байланыстырып, пәнаралық байланыста жүргізілуі керек. Солардың ішіндегі экологиялық білім мен тәрбие беруде химия, биология пәнінің орны ерекше.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің жәй күйі зерттеліп мына міндеттерді шешуге бағытталды:

- ✓ жоғары сыныптың бағдарламалары, оқулықтары, әдістемелік
- ✓ құралдардың оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудегі қазіргі жағдайын қарастыру;
- ✓ мұғалімдермен экологиялық тәрбие жұмыстарын жүргізу;
- ✓ экологиялық білім мен тәрбие үлгерімінің көрсеткіштерінің
- ✓ бастапқы және соңғы деңгейін анықтау.

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін биология пәнінен өткізілген сабақтардың, сыныптан тыс өткізілген жұмыстар негізінде, оқушыларға және мұғалімдерге сауалнама, КВН, оқушылардың шығармалары арқылы жүзеге асты.

Сыныптан тыс жұмыстар арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру жұмысы мына бағыттарда жүргізілді: экологиялық апталық, факультатив сабақтар, экологиялық тақырыптағы әңгімелер.

Оқушылардың экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс жұмыстардың ішінде экологиялық апталықтың орны ерекше, себебі экологиялық білім беру жүйесінде апталықтар ерекше міндеттерді атқарады да оқушылар ат салысып қатысады. Еліміздің саяси экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай білім беру ұйымдарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің барлық қызметін осы

бағытта құруы заңды құбылыс. Себебі қоғам өзінің әлеуметтік –экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипатының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарлауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Борикова Л.В., Виноградова Н.А. Пишем реферат, доклад, выпускную квалификационную работу. - М., 2000. – 128 с.
2. Вяткин Л.Г. Самостоятельная работа как фактор формирования профессиональных качеств учителя. - Саратов, 1975. - 278 с.
3. Джалилов А.Х., Досхожаев Д.Т. Основы учебно-исследовательской работы студентов. - Алматы: Мектеп, 1989. - 192 с.
4. Дәулетбекова Ж.Т. Оқушылардың оқу мотивтері – сапалы білім негізі. - Алматы, 2001. - 170 б.
5. К.Салпынова Экологиялық тәрбие берудің қазіргі жағдайы //География Казахстана и экология №3 2004 – 8б.
6. Ғалымжанова М. “Мұғалімнің ақпараттық құзіреттілігін дамыту” Алматы, 2008.